

ӘОЖ 81.33

ҒТАХР 16.21.47

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.034>

АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІН ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОНЦЕПТІЛЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

*Ершат А.¹, Рамазанов Т.², Есенбай А.³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Алматы, Қазақстан

³Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлы қарасөздерінің қытай тіліне аудару барысында ұлттық-мәдени концептілердің трансформациялану үдерісі лингвомәдени және аударматанымдық тұрғыдан жан-жақты қарастырылады. Абай мұрасының көркемдік-эстетикалық табиғаты мен дүниетанымдық-философиялық тереңдігі қазақ халқының рухани-этикалық құндылықтарымен, тарихи-мәдени тәжірибесімен және ұлттық болмысымен өзара тығыз байланысты. Сол себепті ақын қарасөздерін қытай тіліне аудару тек тілдік сәйкестікті қамтамасыз ету міндетімен шектелмей, түпнұсқадағы мәдени-символдық мазмұнды мүмкіндігінше дәл әрі көркем жеткізуді талап етеді. Алайда бұл мазмұнның аудармада берілу ерекшеліктері жеткілікті деңгейде нақты талданбаған, бұл зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – ұлттық-мәдени концептілердің трансформациялану тетігін түсіндіру және түпнұсқадағы мәдени-символдық мәндердің аудармада қалай сақталатынын, қысқаратынын немесе қайта құрылатынын көрсету.

Осы мақсатта «ұлттық-мәдени концепт» ұғымының теориялық негіздері айқындалып, Абай қарасөздеріндегі негізгі мәдени кодтардың қытай тіліндегі аудармаларда қандай өзгеріске ұшырайтыны нақты мәтіндік деректер негізінде талданады. Эмпирикалық база ретінде Абайдың қарасөздері мен олардың қытай тіліндегі аудармалары алынып, прагматикалық шешімдердің мәтінді қабылдауға, эстетикалық әсерге және мәдени мағыналардың сақталуына ықпалы қарастырылады. Автор эквиваленттік аударма, мәдени реалияларды түсіндірмелі интерпретациялау, транслитерация және мәдени бейімдеу сияқты аударматанымдық әдістердің тиімділігі мен шектеулерін жүйелі түрде талдайды. Аудармашылардың қолданған стратегияларының мәтіннің қабылдануына, эстетикалық әсеріне және мәдени мағыналардың сақталуына ықпалы жинақталып көрсетіледі.

Зерттеудің ғылыми нәтижесі – Абайдың қарасөздеріндегі ұлттық-мәдени мазмұнды дәл әрі мағыналық тұрғыдан толық жеткізу қытай оқырманының мәтінді терең түсінуіне жағдай жасайтыны, ал түпнұсқаның

көркемдік болмысын сақтау ғылыми негізделген бейімдеу тәсілдерін қажет ететіні анықталды. Қытай тіліндегі нұсқаларға сүйенген мәтіндік талдаулар ұлттық-мәдени концептілердің трансформациясы мәдени дистанция, ұғымдық сәйкессіздік және семантикалық астардың көмескіленуі не қайта құрылуы сияқты факторлармен тікелей байланысты екенін көрсетті. Ғылыми маңыздылығы – ұлттық-мәдени мазмұнның аудармадағы өзгерісін лингвомәдени және аударматанымдық тұрғыдан жүйелеу. Практикалық құндылығы – аудармашыларға мәдени реалияларды беру, түсіндірме беру ауқымын таңдау, аударма сапасын арттыру және Абай мәтіндерінің эстетикалық тұтастығын сақтауға әдістемелік негіз беру.

Тірек сөздер: Абай Құнанбайұлы, қарасөз, көркем аударма, ұлттық-мәдени концепт, мәдени реалия, қытай тілі, мәтін, түпнұсқа, трансформация

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетінің шеңберімен ғана шектелмей, тұтас түркі дүниесінің рухани-мәдени қазынасынан орын алған аса іргелі феномен ретінде бағаланады. Ақынның поэзиясы мен қарасөздері терең философиялық пайымға, эстетикалық кемелдікке және этикалық тұтастыққа негізделе отырып, қазақ халқының дүниетанымдық жүйесін, моральдық-адамгершілік ұстанымдарын, рухани болмысын жан-жақты сипаттайды. Абай мәтіндерінде көрініс тапқан ұлттық-мәдени концептілер белгілі бір тарихи дәуірдің ғана емес, этностың ұжымдық санасы мен мәдени жадының көркем-танымдық бейнесін айқындайтын маңызды семиотикалық бірліктер ретінде қызмет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, Абай шығармаларын өзге тілге, соның ішінде қытай тіліне аудару – таза лингвистикалық әрекеттен гөрі, мәдени-символдық мазмұнды интерпретациялау үдерісі болып табылады.

Ұлттық-мәдени концептілер белгілі бір халықтың әлемді қабылдау үлгісін, құндылықтық бағдарын, рухани мұратын және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін жинақтайтын көпқабатты мәдени-танымдық құрылымдар ретінде белгілі. Қазақ мәдени кеңістігінде «ар», «намыс», «рақым», «жүрек» секілді ұғымдар жеке адамның ішкі дүниесін айқындайтын, этикалық әрі философиялық мәні терең категориялар деңгейінде қалыптасқан. Абай бұл концептілерді дәстүрлі мораль нормаларының шегінде ғана қарастырмай, оларды ойшылдық биікке көтеріп, жалпыадамзаттық гуманистік идеялармен ұштастырады. Аталған ұғымдар арқылы ақын адам мен қоғамның өзара байланысын, рух пен болмыстың үйлесімін, моральдық жауапкершілік пен әрекеттің мәнін терең пайымдайды.

Когнитивті лингвистика тұрғысынан алғанда, мұндай ұғымдар адамның дүниені тану тәсілімен және ұлттық ойлау жүйесімен тығыз байланысты қарастырылады. Концепт ұғымы ұлттық мәдени тәжірибені, рухани құндылықтарды және дүниетанымдық үлгілерді жинақтайтын

негізгі танымдық бірлік ретінде қызмет етеді [1]. Осы тұрғыдан Абай қарасөздеріндегі «ар», «ұят», «қанағат», «иман» сияқты ұғымдар тек тілдік бірлік емес, тұтас мәдени-танымдық код ретінде көрінеді.

Алайда мұндай ұлттық-мәдени концептілерді қытай тіліне аудару барысында олардың мағыналық құрылымы, эмоциялық-экспрессивтік реңкі, мәдени астары мен философиялық салмағы толық сақтала бермейді. Бұл жағдай, ең алдымен, қазақ және қытай тілдері мен мәдениеттерінің тарихи дамуы, дүниетанымдық негіздері, құндылықтық жүйелері мен концептуалдық өрістерінің бір-бірінен елеулі айырмашылықтарға ие болуымен түсіндіріледі.

Тілдердің типологиялық ерекшеліктері, мәдени кодтардың сәйкес келмеуі және ұғымдық жүйелердің әркелкілігі аударма барысында семантикалық әрі прагматикалық трансформациялардың орын алуына себепші болады. Бұл құбылыс, ең алдымен, қазақ және қытай тілдері мен мәдениеттерінің тарихи дамуы, дүниетанымдық негіздері, құндылықтық жүйелері мен концептуалдық өрістерінің бір-бірінен елеулі айырмашылықтарға ие болуымен түсіндіріледі [2].

Абай шығармаларын қытай тіліне аудару тәжірибесіне назар аударсақ, аудармашылардың көбінесе эквиваленттік сәйкестікке ұмтылу, мәдени түсіндірме беру, лексикалық бейімдеу, кей жағдайда транслитерация тәсілдеріне жүгінетіні байқалады. Аталған стратегиялардың әрқайсысы белгілі бір деңгейде функционалдық міндет атқарғанымен, ұлттық-мәдени концептілердің түпкі мағыналық және символдық мазмұнын толық жеткізуге үнемі мүмкіндік бере бермейді. Соның салдарынан түпнұсқадағы философиялық тереңдік пен поэтикалық астар әлсіреп, кей жағдайда мәтін жаңа интерпретациялық мағынаға ауысады. Бұл құбылыс аудармада мәдени мазмұнның толық баламасының болмауымен және ұғымдық сәйкессіздікпен байланысты екенін нақты мәтіндік мысалдар да көрсетеді. Сонымен қатар, ұлттық-мәдени концептілердің тілдік емес мәдени мазмұнға негізделуі олардың өзге тілде дәл берілуін күрделендіреді.

Қазіргі зерттеулерде ұлттық-мәдени концептілердің аудармадағы берілуін түсіндіруде лингвомәдени және прагматикалық бағыттар ерекше мәнге ие. Бұл бағыттар ұлттық мазмұнды жеткізуде тілдік сәйкестікпен қатар, мәдени сәйкестікті сақтау қажеттігін алға тартады, алайда нақты мәтіндік деңгейде концептілердің трансформациясы жеткілікті дәрежеде жүйеленбеген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Абай ілімінің ұлттық бірегейлік пен болмыстың өзегі болуы керегін атап, ақынның ой-толғамдары уақыт озған сайын мәнін жоймайтынын айтты. Сондай-ақ «Адал азамат» тұжырымдамасы «Толық адам» идеясымен сабақтас екенін нақтылап, Абайдың «Қарасөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу қажет деген ұстаным білдірді. Бұл пікір Абай мәтінін бүгінгі мәдени-рухани кеңістікте ғана емес, халықаралық деңгейде де жүйелі танытудың маңызын

күшейтіп, аударма арқылы ұлттық мазмұнның өзегін сақтау мәселесін күн тәртібіне шығарады [3].

Мақаланың өзектілігі де дәл осы мәселелермен айқындалады. Қазіргі ғылыми еңбектерде Абай қарасөздеріндегі ұлттық-мәдени концептілердің қытай тіліндегі аудармалардағы нақты трансформациясы (сақталу, ықшамдалу, қайта құрылу) жүйелі мәтіндік талдау негізінде жеткілікті зерттелмеген, бұл зерттеуде толтырылатын ғылыми олқылықты көрсетеді. Қазіргі кезеңде Абай мұрасын қытай тілді оқырманға кеңінен таныстыру, қазақ әдебиетін халықаралық ғылыми-мәдени кеңістікке енгізу маңызды стратегиялық міндеттердің қатарында. Қытай тіліндегі Абай аудармаларының саны артқан сайын, оқырманның түпнұсқалық мәтінді барабар қабылдауы, оның символдық-философиялық табиғатын терең түсінуі тікелей аударма сапасына тәуелді. Сондықтан Абай қарасөздерінің ұлттық-мәдени концептілердің қытай тілінде аударылу ерекшеліктерін кешенді талдау әдеби-мәдени байланыстарды нығайтуға, мәдениаралық коммуникацияны дамытуға және аударма тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ғылыми қажеттілік болып отыр.

Ұсынылып отырған зерттеу Абай Құнанбайұлы қарасөздеріндегі негізгі ұлттық-мәдени концептілердің қытай тіліндегі аудармаларда қандай семантикалық, прагматикалық және мәдени өзгерістерге ұшырайтынын анықтауға бағытталған. Зерттеу мақсатына сәйкес негізгі концептілер айқындалып, олардың аудармадағы берілу тәсілдері талданады, трансформация түрлері жүйеленеді және аудармашылық стратегиялардың тиімділігі бағаланады. Сонымен қатар зерттеу барысында аталған концептілердің трансформациялану себептері лингвомәдени, аударматанымдық және семантикалық тұрғыдан қарастырылып, қытай тіліндегі аудармаларда қолданылған әдеби-стилистикалық және прагматикалық тәсілдердің түпнұсқаның мәдени-символдық мазмұнын жеткізудегі мүмкіндіктері сараланады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеудің материалдық базасын Абай мәтіндерінің қытай тіліне аударылу тарихы мен сол аудармалардың сипатын сипаттайтын ғылыми және аударматанулық деректер құрады. Материалдарды іріктеу барысында Қытайдағы Абай шығармаларының аударылу тәжірибесіне қатысты еңбектер мен басылымдар негізге алынды. Атап айтқанда, «阿拜箴言录» басылымына қатысты деректерде «Қарасөздердің» алғашқы нұсқаларының орыс тілі арқылы жанама аударылғаны, кейін қазақ тіліндегі түпнұсқасына сүйене отырып қайта өңделіп, түсіндірмелермен толықтырылғаны көрсетіледі. Бұл деректер аралық тіл арқылы жасалған аудармаларда ұлттық-мәдени концептілердің мағыналық қабаты әлсіреуі мүмкін екенін, ал түпнұсқаға негізделген аудармаларда мәдени мазмұнның салыстырмалы түрде жақсырақ сақталатынын айқындауға мүмкіндік береді [4].

Сонымен қатар зерттеу материалдарына қытайдағы қазақ қаламгер-аудармашыларының Абай мұрасын аудару тәжірибесіне қатысты мәліметтер енгізілді. Атап айтқанда, Әкпар Мәжитұлының Абайдың өлеңдері мен қарасөздерін аударудағы тәжірибесі, сондай-ақ Ха Хуаньчжанның (қазақша есімі – Қабай) Абай шығармаларын қытай тіліне алғаш аударған қаламгерлердің бірі ретіндегі шығармашылығы қарастырылды. Бұл материалдар аудармашылық мектептің қалыптасу ерекшеліктерін және аудармашының мәдениаралық дәнекер ретіндегі рөлін сипаттауға мүмкіндік береді [5].

Негізгі зерттеу материалы ретінде Абай Құнанбайұлының 14, 17, 22, 38-қарасөздері және олардың қытай тіліндегі аудармалары алынды. Қарасөздерді іріктеу барысында мәтіндерде «ар», «намыс», «қанағат», «жүрек», «иман» сияқты ұлттық-мәдени концептілердің айқын көрініс табуы, философиялық және моральдық мазмұнының тереңдігі негізгі критерий ретінде белгіленді. Сонымен қатар мәтіндердің құрылымдық ықшамдылығы мен салыстырмалы талдау жүргізуге қолайлылығы ескерілді. Қытай тіліндегі аударма материалы ретінде аудармашы-қаламгер Әкпар Мәжитұлының 2020 жылы жарық көрген аудармасы пайдаланылды.

Зерттеуде негізгі әдіс ретінде концептуалды талдау әдісі қолданылды. Әдістемелік талдау бірнеше кезең бойынша жүзеге асырылды: мәтіннен ұлттық-мәдени концептілерді білдіретін тілдік бірліктерді іріктеу; олардың түпнұсқадағы семантикалық және мәдени мазмұнын сипаттау; қытай тіліндегі аудармамен салыстыру; аудармада орын алған өзгерістерді (сақталу, ықшамдалу, трансформация) анықтау; аталған өзгерістердің себептерін лингвомәдени және прагматикалық тұрғыдан түсіндіру.

Салыстырмалы талдау барысында талдау бірлігі ретінде жеке сөздер, тұрақты тіркестер және мәтін ішіндегі концептуалды мағына беретін фрагменттер алынды. Бағалау критерийлері ретінде семантикалық дәлдік, мәдени мазмұнның сақталу деңгейі және прагматикалық әсердің берілу ерекшеліктері негізге алынды.

Алынған нәтижелерді жүйелеу мақсатында салыстырмалы талдау және сипаттамалық әдістер қолданылды. Бұл әдістер концептілердің аудармадағы өзгеру заңдылықтарын айқындауға және оларды типологиялық тұрғыдан топтастыруға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбайұлы қарасөздеріндегі ұлттық-мәдени концептілердің қытай тіліне аударылу барысында жүйелі әрі көпдеңгейлі трансформацияға ұшырайтынын көрсетті. Талдау нақты мәтіндік деректерге сүйене отырып жүргізілді және концептілердің берілуіндегі тұрақты өзгеріс бағыттары айқындалды.

Алынған деректер ұлттық-мәдени концептілердің аудармада ең алдымен семантикалық қайта құрылуға ұшырайтынын көрсетті. Мысалы,

38-қарасөзді салыстырмалы талдау барысында «ар» және «намыс» концептілерінің түпнұсқадағы тұлғалық-ішкі мазмұны аудармада абстрактілі және жалпыланған категориялар арқылы берілетіні анықталды. Қазақ мәтінінде «ар» адамның ішкі моральдық өлшемі ретінде сипатталса, қытай тіліндегі нұсқада ол көбіне әділет немесе жалпы этикалық қағида деңгейінде түсіндіріледі. Сол сияқты «намыс» концептісі де ішкі рухани серпін емес, «міндет» және «жауапкершілік» тәрізді сыртқы нормалармен байланысты беріледі. Бұл деректер концептілердің антропоэзектік мазмұнының әлсіреп, рационалдық-логикалық жүйеге бейімделетінін нақты көрсетеді.

Талдау нәтижелері сондай-ақ концептілердің прагматикалық тұрғыдан қайта бағдарланатынын көрсетті. 17-қарасөз материалдары негізінде «ақыл» және «жүрек» ұғымдарының аудармада функционалдық сипатқа ие болатыны байқалды. Түпнұсқада «ақыл» танымдық әрі этикалық жетекші күш ретінде көрінсе, аудармада ол әрекетке бағыттайтын «табандылық» сипатымен түсіндіріледі. Ал «жүрек» қазақ дүниетанымында рухани-этикалық орталық ретінде сипатталса, қытай тіліндегі нұсқада көбіне әлеуметтік нәтижеге, мінез-құлыққа және практикалық әрекетке қатысты түсіндіріледі. Нәтижесінде концептілердің философиялық мазмұны толық жойылмай сақталғанымен, олардың тәрбиелік-нормативтік функциясы күшейеді.

Зерттеу барысында ұлттық-мәдени ұғымдардың аудармада мәдени бейімдеу және түсіндірмелі беру арқылы жеткізілетіні де анықталды. 22-қарасөзді талдау «момын» сияқты концептілердің қытай тілінде кеңейтілген сипаттамалар арқылы берілетінін көрсетті. Мұндай тәсілде ұғым бейбіт мінез, тәртіпке бағыну және әлеуметтік үйлесім сияқты сипаттармен толықтырылады. Бұл жалпы мағынаны жеткізуге мүмкіндік бергенімен, концептінің қазақ дүниетанымындағы ішкі моральдық және мәдени реңктері толық сақталмайды.

Алынған деректер концептілердің тұлғалық мазмұнының дерексіз деңгейге ауысу үрдісін де айқын көрсетті. Түпнұсқада адамның ішкі рухани тәжірибесіне тікелей қатысты ұғымдар аудармада жалпы философиялық немесе универсалды мораль категорияларына айналады. Бұл, әсіресе, «ар» және «намыс» концептілерінің берілуінен анық байқалады.

Зерттеу нәтижелері ұлттық-мәдени концептілердің эмоциялық және бағалауыш компоненттерінің де аудармада әлсірейтінін көрсетті. Қазақ мәтініндегі «жүрек» ұғымы жанашырлық, рақым, әділет сияқты күрделі моральдық категорияларды қамтыса, қытай тіліндегі нұсқада ол көбінесе психологиялық немесе рационалдық сипатта беріледі. Нәтижесінде концептінің аксиологиялық мазмұны ішінара редукцияға ұшырайды.

Сонымен бірге, кейбір концептілердің аудармада тікелей балама арқылы емес, контекстік кеңейту және түсіндіру арқылы берілетіні анықталды. Бұл аударманың түсіндірмелі стратегияға тәуелділігін және ұлттық-мәдени ұғымдардың басқа тілде толық баламасының болмауын көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ұлттық-мәдени концептілердің аудармада толық жоғалмайтынын, алайда олардың мазмұны қабылдаушы мәдениеттің танымдық және нормативтік жүйесіне сәйкес қайта құрылатынын көрсетті. Аударма барысында концептілердің семантикалық қайта құрылуы, прагматикалық ығысуы, мәдени бейімделуі, ықшамдалуы және эмоциялық реңктерінің әлсіреуі сияқты тұрақты заңдылықтар байқалды. Сонымен қатар, аударма тәжірибесіне қатысты деректер көрсеткендей, кейбір нұсқалардың аралық тіл (орыс тілі) арқылы берілуі ұлттық-мәдени мазмұнның әлсіреуіне ықпал етсе, түпнұсқаға тікелей сүйенген аудармаларда концептілердің мәдени өзегі салыстырмалы түрде жақсырақ сақталады. Осылайша, зерттеу нәтижелері ұлттық-мәдени концептілердің аудармадағы трансформациясы кездейсоқ құбылыс емес, мәдениаралық бейімделудің жүйелі әрі заңды үдерісі екенін нақты мәтіндік деректер негізінде дәлелдейді.

Талқылау

Ұлттық-мәдени концепт мәселесі қазақ тіл біліміндегі лингвомәдени және когнитивтік бағыттағы зерттеулерде жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл ғылыми бағыттар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық дүниетанымның тіл арқылы берілу ерекшеліктерін және мәдени мазмұнның коммуникациядағы қызметін түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы ғылыми арнада Қ. Жаманбаева концепт табиғатын эмоциялық-символдық мазмұнмен бірлікте қарастырып, ұлттық ұғымдардың тілдегі көріну жолдарын когнитивтік негізде сипаттайды. Ғалымның бұл тұжырымдары Абай мәтіндеріндегі мәдени кодтардың аударма барысында көмескіленуі, өзгеруі немесе қайта құрылуы сияқты құбылыстарды түсіндіруге теориялық негіз болады [6]. Сондықтан Абай қарасөздеріндегі ұлттық-мәдени мазмұнның қытай тіліне берілуін тек тілдік сәйкестік тұрғысынан емес, танымдық және мәдени трансформациялар аясында қарастыру маңызды.

Ұлттық мағынаны мәтін ішінде дұрыс жеткізу мәселесі тіл мәдениеті мен прагматикалық бағыттағы зерттеулерде де айқын көрініс табады. Ғалым Н. Уәли сөз мәдениетін тілдік норма, коммуникативтік мақсат және мәдени ұстанымның бірлігі ретінде қарастырып, сөздің тек «дұрыс айтылуы» ғана емес, оның «орынды қолданылуы» мәтіннің әсерін айқындайтынын көрсетеді. Бұл ұстаным аударма үдерісіндегі прагматикалық шешімдерді ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді [7]. Осы тұрғыдан алғанда, аудармадағы дәлдік тек тілдік деңгеймен шектелмей, прагматикалық сәйкестік арқылы бағалануы тиіс.

Ұлттық мәдени мазмұнды тануда этнолингвистикалық және лингвомәдени бағыттағы зерттеулердің де маңызы зор. Профессор Ж. Манкеева этномәдени атаулар мен танымдық негіз мәселесін тілдік деректер арқылы айқындап, ұлттық болмысты танытатын бірліктердің жүйелі сипатын ашады. Бұл тұғыр Абай қарасөздеріндегі мәдени белгілердің қытай тіліндегі

баламасын таңдауда қандай мазмұнды «өзек мән» ретінде сақтау қажет екенін және қай жағдайда түсіндірмелі тәсілдерге жүгіну орынды екенін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді [8]. Профессор А. Алдашева аударманы тек лингвистикалық емес, сонымен қатар лингвомәдени құбылыс ретінде қарастырып, тілдік сәйкестікпен қатар мәдени сәйкестіктің де маңызды екенін көрсетеді. Оның еңбектерінде балама таңдау, ұлттық реңкті сақтау, қажет жағдайда түсіндірмелі аудармаға жүгіну сияқты амалдардың теориялық негіздері айқындалады. Бұл ұстанымдар Абай мәтіндерінің мәдени-символдық мазмұнын өзге тілде жеткізу тәсілдерімен тікелей сабақтасады [9]. Бұл тұжырым Абай мәтіндерін аударуда ұлттық реңкті сақтау мәселесінің негізгі критерийге айналатынын дәлелдейді.

Осы теориялық тұғырлар қазақ мәдени кеңістігіндегі «ар», «намыс», «рақым», «жүрек» сияқты ұғымдардың ұлттық-мәдени концептілер жүйесінің өзегін құрайтынын айқындайды. Абай Құнанбайұлы қарасөздерінде бұл концептілер тек этикалық өлшемдер деңгейінде ғана емес, қазақ халқының рухани болмысын, дүниетанымдық бағдарын және адамгершілік идеалдарын білдіретін терең философиялық категориялар ретінде көрінеді. Сондықтан оларды қытай тіліне аудару барысында тілдік сәйкестікті ғана қамтамасыз ету жеткіліксіз болып, мәдени-мағыналық және прагматикалық эквиваленттілік мәселесі алдыңғы қатарға шығады.

Абай шығармаларын қытай тіліне аударуда ерекше еңбек сіңірген аудармашылардың бірі – қытайлық аудармашы Қабай (哈焕章). Ол Абайдың 167 өлеңін, үш поэмасын және 45 қарасөзін қытай тіліне аударған. Сонымен қатар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын да қытай оқырмандарына таныстыруға үлкен үлес қосты. Қабайдың аудармашылық қызметі қазақ әдебиетін қытай оқырманына таныстыруда маңызды рөл атқарып қана қоймай, ұлттық-мәдени концептілерді өзге тілдік ортада жеткізудің күрделі сипатын нақты көрсетеді. Бұл тәжірибе ұлттық мазмұнды өзге мәдениетте бейімдеу үдерісінің күрделілігін айқын көрсетеді.

Абайдың философиялық категориялары қытай тіліне аударуда ерекше интерпретациялық қиындықтар туғызады. Мысалы, «жүрек» ұғымы қазақ дүниетанымында адамның рухани-этикалық орталығы ретінде қарастырылса, қытай тіліндегі 心 лексемасының семантикасы көбінесе эмоциялық немесе рационалдық мазмұнмен шектеледі. Бұл айырмашылық Абайдың адамгершілік іліміндегі «жүрек» концептісінің философиялық мазмұнын жеткізуде семантикалық тарылуға әкеледі. Сонымен қатар «Толық адам» тұжырымдамасын қытай философиясындағы 君子 ұғымымен сәйкестендіру әрекеттері де оның мазмұнын толық ашып бере алмайды.

Мұндай семантикалық және аксиологиялық айырмашылықтар тек жекелеген концептілерге ғана емес, жалпы ұлттық дүниетанымға тән ұғымдардың барлығына қатысты байқалады. Осыған ұқсас құбылыстар лингвомәдени зерттеулерде де айқын көрінеді: мақала авторлары қазақ және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі «өмір» концептісінің мазмұны мен

бағалау қырларын салыстыра талдай отырып, әр мәдениетте бір ұғымның семантикалық құрылымы мен аксиологиялық мәні әртүрлі қалыптасатынын көрсетеді. Мұндай айырмашылықтар концептілердің аудармада трансформациялануын заңды құбылыс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді және Абай мәтініндегі «өмір», «ғұмыр», «қанағат», «ар», «ұят» сияқты ұғымдардың неге жиі өзгеріске ұшырайтынын айқындайды [10].

38-қарасөзде «ар» концептісі де ерекше философиялық салмаққа ие. «Құдай тағала әділетті, рақымды. Бірақ адам баласының қиянаты мен залымдығы өзінен» [11,180-б.] деген ой қазақ мәтінінде «арды» адамның ішкі моральдық таразысы, әділет пен қиянатты айыратын рухани өлшем ретінде сипаттайды. Қытайша аудармада бұл тұжырым «真主是最公正的, 毫无弱点、过错。但让人作恶的并不是真主» [5, 330-б.] түрінде беріліп, ар ұғымы жеке тұлғаның ішкі ұяты немесе ар-ожданымен емес, Құдайға тән абсолютті әділет категориясы арқылы түсіндіріледі. Яғни қазақ мәтініндегі ардың ішкі, тұлғалық сипаты қытайша нұсқада дерексіз деңгейге көшірілген. Мұнда «良心» (ар-ождан) немесе «廉耻» (ұят) сияқты антропозекті ұғымдардың қолданылмауы ар концептісінің экспликация және абстракция стратегиясы арқылы қайта интерпретацияланғанын көрсетеді.

Ал «намыс» концептісінің аудармадағы көрінісі функционалдық алмастыру стратегиясымен сипатталады. Қазақ дүниетанымында намыс - адамның өзін төмендетпеуі, ар алдындағы жауапкершілігі және еркін ерікпен тікелей байланысты рухани серпін. Абай мәтініндегі «Адам баласы өз мінезіне өзі жауапты. Жақсылық та, жамандық та адамның өз еркінде» [11, 180-б.] деген ой намысты ішкі моральдық жауапкершілік ретінде айқындайды. Қытайша нұсқада бұл мазмұн «每一位具有信仰的人应当履行为信仰所承诺的义务» түрінде беріліп [5, 331-б.], намыс *尊严* (қадір-қасиет) ұғымымен емес, *义务* (міндет) және *责任* (жауапкершілік) категориялары арқылы түсіндіріледі. Нәтижесінде намыс адамның ішкі рухани таңдауы емес, сенімге қатысты нормативтік талап ретінде түсіндіріледі. Бұл аудармада концептінің мазмұнын сақтау үшін функционалдық эквивалентке сүйену стратегиясының қолданылғанын көрсетеді.

38-қарасөздің қытайша нұсқасында қазақ мәтініндегі негізгі тірек ұғымдардың бірі саналатын «жүрек» сөзінің тікелей баламасы ретінде қолданылатын «心» сөзі адамның «іші», сезімі, ойы деген мағынада. Оның орнына жүрекке тән рухани-функционалдық мазмұн «理智» (*ақыл-парасат*), «思想» (*ойлау*), «信仰» (*наным-сенім*) секілді абстрактілі ұғымдар арқылы жеткізіледі.

«Алла тағала адам баласына ақыл, ғылым, жүрек берді. Жүрек - иманның орны, хақиқаттың мекені» [11, 181-б.] деген тұжырым қытай тілінде «真主赐予人类理智、知识与心灵。心灵是信仰的所在» түрінде беріледі [5, 331-б.]

Қазақ дүниетанымында «жүрек» ұғымы тек физиологиялық немесе эмоциялық категория ғана емес, адамның имани таңдауы мен моральдық бағдарын айқындайтын рухани орталық ретінде қабылданады. Ал

аудармада қолданылған «心灵» лексемасы көбіне психологиялық және рухани кеңістікпен шектеліп, жүрекке тән этикалық және имандылық өлшемдерді толық қамти алмайды. Нәтижесінде түпнұсқадағы жүрекке негізделген рухани интуиция аудармада ақылға сүйенген рационалдық субъект бейнесімен алмастырылады.

Бұл үрдіс мейірім мен әділет концептілерінің берілуінен де көрініс табады. Мәселен, түпнұсқадағы «Әддүния мәзрәгәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол» [11,180-б.] деген тұжырым қытай тілінде «他们的行为大多是世事，但这些智者所做、所传的行为，就是为后世播下正义的种子» түрінде аударылған [5, 331-б.]. Мұнда «мейірім» ұғымы 慈悲 лексемасы арқылы жеткізіліп, адамның өзгелерге жанашырлығы мен гуманистік ұстанымын білдіреді. Қытай аудармасында 慈悲 ұғымы этикалық тұрғыдан жеткілікті болғанымен, қазақ мәтініндегі мейірімнің діни-имани және рухани астары толық ашылмай, жалпыадамзаттық адамгершілік категория деңгейінде беріледі. Абай дүниетанымында әділет пен мейірім бір-бірінен ажырамайтын тұтас жүйе ретінде көрінсе, аудармада бұл байланыс белгілі бір дәрежеде концептуалдық жалпылауға ұшыраған.

Абайдың 22-қарасөзінде «Шын момын байларды аямасаң һәм соның тілеуін тілемесең болмайды» [11, 159-б.] деген тұжырымда «момын» концептісі әділдік пен қарапайымдылықты білдіретін маңызды ұлттық-мәдени категория ретінде көрініс табады. Қазақ мәдениетінде момын болу – біреуге зиян тигізбейтін, мейірімді және әділ болу, яғни адамның жеке мінез-құлқы мен қоғам алдындағы моральдық жауапкершілігін сипаттайтын терең ұғым. Қытай тіліндегі аудармада бұл ұғым «只好去同情那些恪守“和气生财”信条的本分人家» деп беріледі [5, 290-б.]. Мұндағы «恪守“和气生财”» фразасы қазақ мәдениетіндегі момын болу принципін – бейбітшілік пен әділдік арқылы өмір сүруді жеткізуге бағытталған.

Сондай-ақ, 22-қарасөзде Абай «намысты» жеке адамның ғана емес, бүкіл қауымның абыройына байланысты рухани категория ретінде қарастырады. Қазақ дүниетанымында «ар-намыс» ұғымдары біртұтас моральдық өлшемді қалыптастырады, адамның жеке қасиеттері мен әлеуметтік рөлі арасындағы үйлесімділікті көрсетеді. Қытай тілінде бұл ұғымдарға белгілі бір деңгейде сәйкес сөздер болса да, қазақ мәдениетіндегі әлеуметтік-рухани жүктеме мен контекст толық беріле бермейді. Сондықтан «намыс» концептісін аудару кезінде мәдени адаптация, түсіндірмелі тәсілдер және контекстік кеңейту әдістерін қолдану қажет.

Қазақ мәтінінде нақты «ар» немесе «намыс» сөздері кездеспесе де, идеялық деңгейде олар кейбір сөйлемдерде айқын көрініс табады. Мысалы, «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ» [11,159-б.] деген тұжырым адамдық намыс пен әділеттілікке, моральдық арға сілтеме жасайды. Қытайша аудармада «那些花钱买来的、卖身投靠得来的官，当是一文不值» деп беріліп [5, 290-б.], шынайы болыс пен биліктің орнына сатып алынғандар ешқандай құндылыққа ие емес

екенін көрсетеді. Бұл қазақ «ар» концептінің әлеуметтік және моральдық реңкін жеткізетін көрнекті мысал болып табылады.

Абайдың «*Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ...*» деген сөзі адамдық қадір-қасиет пен өз абыройын сақтауға ұмтылуды, яғни намыс сезімін көрсетеді. Қытай тіліндегі аудармада бұл «*当今世上没有真正的绅士可言*» деп беріледі, нәтижесінде қазақ мәдениетіндегі «ар» және «намыс» мәні белгілі деңгейде жеткізіледі. Ескере кететін жайт: *绅士* қытай тілінде бастапқыда *ақсүйек, оқымысты, жергілікті элита өкілі* деген мағыналарды білдірген. Кейінірек бұл сөз ағылшын тіліндегі *gentleman (джентльмен)* ұғымының баламасы ретінде де қолданыла бастады.

Абайдың 14-қарасөзінде «*жүрек*» концептісі қазақ дүниетанымындағы ең іргелі рухани-этикалық өлшем ретінде танылады. Түпнұсқадағы «*Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздегі қазақтың жүректі кісі дегені – батыр кісі*» [11,140-б.] деген ой жүректі тек сезімнің белгісі емес, адамның қайраты мен ар-ұятына тірек болатын ішкі өзек ретінде көрсетеді. Қытайша нұсқада бұл сөйлем «*对于一个人来说, 还有什么比心更为珍贵的东西? 哈萨克人把那些有雄心的人成称为巴特尔 — 英雄*» түрінде беріледі [5, 280-б.]. Мұнда «жүрек» сөзі «*心*» арқылы тура сақталғанымен, «жүректі кісі» ұғымының мәдени салмағы біршама ауысқанын байқаймыз: қазақшада «жүректі» – ерлікпен бірге рухани беріктік, намыс, тәуекел сияқты тұтас мінез өлшемін берсе, қытайшада *有雄心* тіркесі батырлық мағынасын өршілдікке, биік мақсатқа ұмтылысқа жақындатып береді. Яғни түпнұсқадағы жүрек - рухани-этикалық сапа болса, аудармада жүрекке қатысты реңк психологиялық жігерге қарай ығысады.

Қарасөздің келесі тұсында жүрек концептісі адамның адамгершілік әрекеттерін туғызатын рухани бастау ретінде ашылады. Түпнұсқада «*Рақымдылық, мейірбандылық... бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі*» деп жүрекке тән қимыл-әрекеттер нақты моральдық категориялармен байланыстырылса [11, 159-б.], қытайша аудармада бұл ой «*除此, 至于心还另有些别的功能... 仁慈、善良...这都是心的倾诉。爱也是心的一种愿望*» түрінде беріледі [5, 280-б.]. Мұнда «*仁慈*» (*рақым*) мен «*善良*» (*мейірім/ізгілік*) түпнұсқадағы негізгі мәнді сақтайды, алайда «жүрек ісі» деген ұлттық ойлау жүйесіне тән тұтастық қытайшада «*心的倾诉*» (жүректің сыр айтуы) және «*心的一种愿望*» (*жүректің бір қалауы*) арқылы лирикалық-психологиялық реңкке ауысады. Ең басты трансформация «*асықтық*» ұғымында көрінеді: түпнұсқада асықтық - қазақ мәдениетінде ынтықтық, елігу, алаң күй, тіпті мінезге әсер ететін ішкі серпін ретінде терең ұғым болса, аудармада ол «*爱*» (*махаббат*) деңгейіне жинақталып, мағынасы жалпыланып кетеді. Демек, қытайша нұсқа жүрекке қатысты моральдық-психологиялық мазмұнды сақтағанымен, қазақшадағы «асықтық» сияқты нәзік мінездік реңкті жалпыға ортақ ұғыммен алмастырып, концептінің семантикалық қабаттарын азайтады.

Ең айқын айырма жүрек-тіл-амал байланысын берген жолдарда байқалады. Түпнұсқада *«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды... Қазақтың жүректісі мақтауға сыймайды»* деп [11,159-б.], «жүрек» адамның шынайылық өлшеміне айналады әрі «жүректісі» тіркесі белгілі бір ұлттық бағалау мәнінде жұмсалады: бұл жерде Абай «жүректімін» деп дарақылануды да сынап отыр. Бірақ қытайша нұсқада: *«人要是能把心口如一, 也就不会有谎言了。只有仁是心非的人才把心掏在一边...实际上心常恶如仇»* деген тұжырым беріліп, соңғы сөйлемнің мазмұны басқа арнаға кетеді [5, 280-б.]. *«Жүректісі мақтауға сыймайды»* деген сыншыл-қоғамдық астардың орнына аудармада «жүрегі бар» деп аталатындардың «жауыздыққа толы» болуы туралы өте қатқыл моральдық айыптау пайда болады. Бұл жерде түпнұсқадағы әлеуметтік-мәдени бағалау (мақтаншақтықты әшкерелеу) қытайшада этикалық қаралау (жамандыққа толы жүрек) сипатына ауысып, мәтіннің прагматикасы өзгерген.

Түпнұсқа: *«Қазақ та адам баласы зой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады»* [11,159-б.]. Қытайша аудармасы: *«他们中的很多人走上邪路并非因为自己糊涂, 而是由于缺乏接受智者劝谏的勇气和执心所致»* – *«Олардың көбісі жолдан жаңылып кетсе, өздерінің ақымақтығынан емес, даналардың кеңесін қабылдауға батылдық пен табандылықтың жетіспеуінен болады»* [5, 281-б.]. Бұл жерде негізгі ой сақталғанымен, түпнұсқадағы «жүректе жігер, қайрат, байлаулылық» сияқты рухани-эмоциялық ішкі тіректер қытайшада *«қабылдау батылдығы мен табандылық»* түрінде беріледі.

Осыған ұқсас үрдіс «батыр» концептісін беруде де көрінеді. Түпнұсқа мәтіні: *«Қазақ дүниетанымында «батыр» – тек физикалық күштің иесі емес, рухани беріктігі, әділетшілдігі және халқына адалдығы бар тұлға»*. Қытай аудармасында бұл мазмұн жалпы дұрыс беріледі, яғни батырлық физикалық қуаттан гөрі рухани қасиеттермен байланыстырылады. Бірақ қоғамдық жауапкершілік, ішкі қайрат сияқты ұлттық реңкі бар эмоциялық салмақ кей тұста абстрактілі сипатқа ауысып кетеді. Ал моральдық сынға келгенде аударма түпнұсқаның бағалау бағытын жақсы сақтайды. Түпнұсқа: *«Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, нысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі - пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін... тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?»* [11, 160-б.]. Қытай тіліндегі аудармасы: *«那些被民众常常提及的所谓智勇双全的好汉们, 只不过是些高呼着“前进, 勇士们”的口号, 互壮声威, 不顾后果, 招灾惹祸的鲁莽之辈。...他们甚至不能算做一个人.»*. Мұндағы «智勇双全的好汉们» тіркесі қазақшадағы *«мықты жігіт, ер жігіт, нысық жігіт»* ұғымдарын жинақтап береді, ал *«他们甚至不能算做一个人»* нұсқасы түпнұсқадағы *«әуелі адам ба өзі?»* деген философиялық-этикалық үкімнің өткірлігін сақтайды [5, 281-б.].

Абайдың 17-қарасөзіндегі негізгі идея – адам болмысының рухани тірегі саналатын *ақыл, жүрек, ар-ұят, рақым, әділет* сияқты категориялардың өзара байланысын көрсету. Түпнұсқада ақыл адамның дүниелік және рухани

жолын айқындайтын танымдық әрі этикалық бағдар ретінде сөйлейді: *«Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын - мен, сенің сөзіңді ұғатұғын - мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті»* [11,150-б.]. Ал қытайша аудармада «ақылдың» сөзі басқаша беріледі: *«毅力说: “喂, 科学, 你是知晓的, 世上有哪件事离了我可以办成。就拿掌握你——科学来说吧, 必须孜孜不倦地学习, 这就属于我的公干了»* [5, 285-б.]. Мұнда түпнұсқадағы «ақылдың» жетекші философиялық қызметі «毅力» (жігер, табандылық) ұғымына көшірілген. Нәтижесінде Абайдағы ақылдың логикалық-танымдық және моральдық «басқарушы» рөлі аудармада әрекетке итермелейтін, еңбектенуге үндейтін сипатқа ауысады. Бұл айырма қытайша нұсқада Абайдың ойы түсінікті болсын деген ниеттен туғанымен, түпнұсқадағы ақыл концептісінің кең философиялық салмағын тарылтып, оны мінездік-психологиялық қасиет деңгейіне жақындатады.

Жүрек концептісінде де осы бағыттағы өзгеріс анық байқалады. Түпнұсқада жүрек адам денесінің ғана емес, бүкіл рухани әлемнің «орталығы» ретінде сөйлейді: *«Онан соң жүрек айтыпты: «Мен - адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын - мен»* [11,150-б.]. Ал қытайша аудармада жүрек кей тұста рухани аяға емес, өмірлік әрекеттің «қозғаушы күші» ретінде түсіндіріледі: *再如, 若欲膜拜真主, 信守真主之道, 也得依赖于我的相助。在这个世上要掌握适合于自己的一技之长获取财富, 只有靠奋斗才能获得荣誉和地位。这些自然离不开我。* [5, 285-б.]. Мұнда жүректің адамға жанашырлық танытқызатын, кедейдің халін ойлататын эмоциялық-этикалық өзегі толық ашылмай, оның орнына еңбек ету, табыс табу, мәртебеге жету сияқты функционалдық мазмұн алға шығады. Сол сияқты түпнұсқадағы *«Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын - мен... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық... бәрі менен шығады»* деген тұтас моральдық жүйе жүректің рухани жетекшілігін көрсетсе [11,150-б.], қытайша нұсқада бұл мағына көбінесе мінезді тәртіптеуге жақын сөздермен беріледі: *也正是我阻止人们去追逐蝇头小利, 让他们洁身自好; 拯救他们有失检点, 朝三暮四, 轻浮冒失; 不受欲望的驱使和诱惑, 使那些迷途的人回心转意。而这两位怎么也敢与我比肩?* [5, 285-б.]. Яғни *«ар-ұят, рақым, нысап»* тәрізді ұлттық-мәдени ұғымдар көбінесе洁身自好 (өзін таза ұстау), 不受欲望驱使(құмарлыққа ермеу) сияқты жалпы моральдық формулалармен жеткізіледі. Бұл тәсіл негізгі идеяны сақтайды, бірақ Абайдың жүрек туралы ойындағы терең философиялық-моральдық жүйе кей тұста ықшамдалып, қытай мәдениетіне тән тәртіп, ұстамдылық, әрекетшілдік өлшеміне ыңғайланады.

Осылайша, 17-қарасөздің қытайша аудармасында Абайдың ұлттық-мәдени концептілері толық жоғалып кетпейді, бірақ олардың берілу тәсілі өзгереді: түпнұсқадағы рухани-этикалық құрылым кеңінен ашылса, аудармада кей ұғымдар түсініктірек болу үшін практикалық әрі тәрбиелік сипатқа жақындап беріледі. «Ақыл» ұғымының «毅力» ретінде ауысуы, «жүрек» концептісінің жанашырлықтан гөрі әрекет пен табандылыққа тіреліп түсіндірілуі – осы трансформацияның айқын мысалдары.

Кесте 1. Абайдың 17-қарасөзіндегі концепттердің трансформациясы

Концепт	Түпнұсқа	Қытайша аудармасы
Ақыл (парасат)	«Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен»	«科学，你是知晓的，世上有哪件事离了我可以办成»
Ақыл (табандылық, білім)	«Менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен»	«必须孜孜不倦地学习，这就属于我的公干了»
Жүрек (жүректілік, мейірім)	«Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен».	«我能让人对长者心存敬畏，对晚辈心生怜悯»
Жүрек (адамгершілік, сезім)	«Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен»	«如果我纯净，人类不会受欺骗：他们会为善而感动，会远离恶行»
Батырлық (ақыл мен жүректің үйлесімі)	«Қайырымды іс үшін, қиындық болса да, батыл шығу керек»	«凡是正义的事业，即使有天大的困难，他也会挺身而出捍卫»
Намыс / өз-өзіне құрмет	«Олар өз-өзіне құрмет пен махаббатты білмегендіктен және ерік-жігері жоқ болғандықтан қателікке ұшырайды»	«不懂得自尊自爱和缺乏意志才不知不觉地堕落»

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбайұлы 38, 14, 22 және 17-қарасөздеріндегі ұлттық-мәдени концептілердің қытай тіліне аударылу барысында түпнұсқаның жалпы философиялық бағыты сақталуға ұмтылатынын, алайда олардың мағыналық құрылымы қабылдаушы мәдениеттің танымдық ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір деңгейде қайта ұйымдастырылатынын көрсетті. Атап айтқанда, «жүрек», «ар», «намыс», «рақым», «әділет», «батырлық» сияқты концептілер қазақ дүниетанымында адамның ішкі моральдық өлшемі мен рухани таңдауының өзегін құраса, қытай тіліндегі нұсқаларда олар көбіне жалпылау, түсіндірмелі беру және мазмұнды жүйелеу тәсілдері арқылы жеткізіледі.

Талдау барысында 38-қарасөздегі «ар» мен «намыс» концептілерінің аудармада ішкі моральдық-эмоциялық өлшемнен гөрі міндет, жауапкершілік және қоғамдық тәртіп сияқты нормативтік категорияларға жақындау үрдісі анықталды. Бұл тәсіл негізгі мағынаны сақтағанымен, концептінің ұлттық-мәдени реңкін әлсіретіп, оны рационалдық және қағидалық сипатқа бейімдейді. Ал 14 және 17-қарасөздердегі «батырлық», «ақыл», «қайрат», «жүрек» жүйесінің аудармасында концептілердің функционалдық қайта құрылуы байқалады: түпнұсқадағы рухани-этикалық мазмұн ішінара сақталғанымен, кей жағдайларда олардың бағалаушы және философиялық тереңдігі жалпыланып беріледі. Әсіресе «ақыл» концептісінің «табандылық» және «жігер» ұғымдарымен алмастырылуы Абайдың танымдық-этикалық жүйесінің құрылымына әсер етіп, оның моральдық бағдар беруші қызметін толық көлемде жеткізуге әрдайым мүмкіндік бермейтінін көрсетті.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ұлттық-мәдени концептілердің аудармада толық жоғалмайтынын, бірақ олардың мазмұны мәдени бейімдеу, рационалдану және нормативтену бағытында қайта құрылатынын дәлелдейді. Бұл құбылыс концептілердің көпқабатты семантикалық табиғатымен және мәдениаралық айырмашылықтармен тікелей байланысты.

Осыдан шығатын қорытынды – Абай қарасөздерін қытай тіліне аудару үдерісі тек тілдік сәйкестікті қамтамасыз етумен шектелмей, ұлттық дүниетанымдық мазмұнды сақтауға бағытталған мәдени және философиялық дәлдікті талап етеді. Мұндай аудармада түсіндірмелі тәсілдер мен мәдени бейімдеу стратегияларын ғылыми негізде үйлестіру қажет.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ұлттық-мәдени концептілердің аудармадағы трансформациясын жүйелі түрде сипаттап, олардың өзгеру заңдылықтарын айқындауында көрінеді. Ал практикалық құндылығы аудармашыларға мәдени мазмұнды жеткізудің тиімді тәсілдерін таңдауға, сондай-ақ Абай мәтіндерінің эстетикалық және философиялық тұтастығын сақтауға бағытталған әдістемелік негіз ұсынуында жатыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Айтқулова Г., Розиева Д. Поэтикалық мәтіндердегі еңбекқорлық /

жалқаулық» концептілерінің вербалдану ерекшелігі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – № 3 (70). – Б. 24-38. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.002>

[2] Уәли Н. Тілтанымдық зерттеулер. Бірінші кітап. – Алматы: Асыл ЖК, 2025. – 424 б.

[3] Тоқаев Қ. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзі // Қызылорда, 2026. 20 қаңтар. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidynd-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352?utm_source=chatgpt.com

[4] 阿拜·库南拜乌勒. 阿拜箴言录 : 汉哈对照 / 译者: 粟周熊, 艾克拜尔·米吉提. 北京 : 民族出版社, 1995. 110 页.

[5] 阿拜·库南巴耶夫. 阿拜 / 译者: 艾克拜尔·米吉提. 杭州 : 浙江文艺出版社, 2020. 533 页.

[6] Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

[7] Уәли Н. Сөз мәдениетінің теориялық негіздері. 2-басылым. – Алматы: Асыл, 2025. – 424 б.

[8] Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. - Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.

[9] Алдаш А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. Оқу құралы. – Алматы: Арда, 2006. – 243 б.

[10] Islam A., Karibayeva B., Kurmanbayeva D., Sopiaeva B., Muratova Zh., Aldasheva K. Specificity of the Concept «Life» in the Kazakh and English Linguacultures // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, No. 6. – Pp. 1817–1824. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1506.10>

[11] Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: Алматыкітап, 2022. – 224 б.

REFERENCES

[1] Aitkýlova G., Rozieva D. Poetikalyq mánderdegi «eńbekqorlyq // jalqaýlyq» konseptileriniń verbaldaný ereksheligi (Features of the Verbalization of the «Diligence // Laziness» Concepts in Poetic Texts) // Abylai han atyndaǵy QazHQ jáne ÁTY Habarshysy. «Filologia ǵylymdary» seriasy. – 2023. – № 3 (70). – B.24-38. [in Kaz.]

[2] Ýalı N. Tiltanymdyq zertteýler. Birinshi kitap (Linguistic Studies. Book One). – Almaty: Asyl JK, 2025. – 424 b. [in Kaz.]

[3] Toqaev Q. Ulttyq quryltaidyń besinshi otyrysynda sóilegen sózi (A speech delivered at the Fifth Session of the National Kurultai) // Qyzylorda, 2026. 20 qańtar. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaidynd-besinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-2005352?utm_source=chatgpt.com [in Kaz.]

[4] 阿拜·库南拜乌勒. 阿拜箴言录 : 汉哈对照 / 译者: 粟周熊, 艾克拜尔·米吉提. 北京: 民族出版社, 1995. 110 页. [in Chines.]

[5] 阿拜·库南巴耶夫 著 《阿拜》, 艾克拜尔·米吉提译. - 杭州 : 浙江文艺出版社, 2020. 533 页 [in Chinese]

[6] Jamanbaeva Q. Til qoldanysynyń kognıtvıtik negızderi: emosıa, sımvol, tildik sana (Cognitive Foundations of Language Use: Emotion, Symbol, and Linguistic Consciousness). – Almaty: Gylym, 1998. – 140 b. [in Kaz.]

[7] Ýalı N. Sóz mádenietiniń teorıalyq negızderi. 2-basylym (Theoretical Foundations of Speech Culture. 2nd Edition). – Almaty: Asyl, 2025. – 424 b. [in Kaz.]

[8] Mankeeva J. Qazaq tilindegi etnomádeni ataýlardyń tanymdyq negızderi (Cognitive Foundations of Ethnocultural Terms in the Kazakh Language). – Almaty: Jibek joly, 2008. – 356 b. [in Kaz.]

[9] Aldash A. Aýdarmataný: lingvıstıkalyq jáne lingvomádeni máseleler (Translation Studies: Linguistic and Linguocultural Issues). Oqú quraly. – Almaty: Arda, 2006. – 243 b. [in Kaz.]

[10] Islam A., Karıbayeva B., Kurmanbayeva D., Sopiya B., Muratova Zh., Aldasheva K. Specificity of the Concept «Life» in the Kazakh and English Linguacultures // Theory and Practice in Language Studies. – 2025. – Vol. 15, № 6. – Pp. 1817–1824. DOI: <https://doi.org/10.17507/tpls.1506.10>

[11] Qunanbaev A. Qara sózder (Abai's Words of Edification). – Almaty: Almatykitap, 2022. – 224 b. [in Kaz.]

ТРАНСФОРМАЦИЯ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫХ КОНЦЕПТОВ ПРИ ПЕРЕВОДЕ СЛОВ НАЗИДАНИЯ АБАЯ НА КИТАЙСКИЙ ЯЗЫК

*Ершат А.¹, Рамазанов Т.², Есенбай А.³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

²Институт языкознания имени А. Байтурсынулы Алматы, Казахстан

³Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается процесс трансформации национально-культурных концептов при переводе «Слов назидания» Абай Құнанбайұлы на китайский язык с позиций лингвокультурологии и переводоведения. Художественно-эстетическая природа и мировоззренческо-философская глубина наследия Абая тесно связаны с духовно-этическими ценностями, историко-культурным опытом и национальной идентичностью казахского народа. В связи с этим перевод его прозы не ограничивается обеспечением языковой эквивалентности, а требует максимально точной и художественно адекватной передачи культурно-символического содержания оригинала. Однако особенности репрезентации данного содержания в переводе остаются недостаточно разработанными, что определяет актуальность настоящего исследования.

Цель исследования – раскрыть механизм трансформации национально-культурных концептов и показать, каким образом культурно-символические значения оригинала сохраняются, редуцируются или реконструируются в переводе.

В соответствии с поставленной целью уточняются теоретические основы понятия «национально-культурный концепт», а также на основе конкретного текстового материала анализируются изменения, которым подвергаются ключевые культурные коды в китайских переводах «Слов назидания». Эмпирическую базу составляют тексты Абая и их китайские переводы; рассматривается влияние прагматических решений на восприятие текста, его эстетическое воздействие и сохранение культурных смыслов.

Автор системно анализирует эффективность и ограничения таких переводческих методов, как эквивалентный перевод, интерпретация культурных реалий с разъяснениями, транслитерация и культурная адаптация. Обобщённо представлены результаты анализа влияния переводческих стратегий на восприятие текста, его эстетическое воздействие и сохранение культурных смыслов. Научный результат исследования состоит в том, что точная и смысловая полнота передачи национально-культурного содержания «Слов назидания» способствует более глубокому пониманию текста китайским читателем, тогда как сохранение художественной природы оригинала требует применения научно обоснованных адаптационных стратегий. Анализ китайских переводов показал, что трансформация национально-культурных концептов напрямую связана с культурной дистанцией, концептуальными несоответствиями и ослаблением либо реконструкцией семантического подтекста.

Научная значимость исследования заключается в систематизации изменений национально-культурного содержания в переводе с позиций лингвокультурологии и переводоведения. Практическая ценность работы состоит в разработке методических ориентиров для переводчиков, направленных на адекватную передачу культурных реалий, выбор объёма пояснений, повышение качества перевода и сохранение эстетической целостности текстов Абая.

Ключевые слова: Абай Кунанбаев, слова назидания, художественный перевод, национально-культурный концепт, культурная реалья, китайский язык, текст, оригинал, трансформация

TRANSFORMATION OF NATIONAL-CULTURAL CONCEPTS IN TRANSLATING ABAI'S WORDS OF EDIFICATION INTO CHINESE

*Yershat A.¹, Ramazanov T.², Yessenbay A.³

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article provides a comprehensive linguocultural and translation-oriented analysis of the transformation of national-cultural concepts in the process of translating the “Words of Edification” of Abai Kunanbayev into Chinese. The artistic and aesthetic nature and the philosophical depth of Abai’s

heritage are closely connected with the spiritual and ethical values, historical and cultural experience, and national identity of the Kazakh people. Therefore, translating his prose into Chinese is not limited to achieving linguistic equivalence but requires an accurate and aesthetically adequate rendering of the cultural and symbolic content of the original. However, the specific features of representing this content in translation have not been sufficiently and systematically examined, which determines the relevance of the present study.

The aim of the research is to explain the mechanisms of transformation of national-cultural concepts and to demonstrate how the cultural and symbolic meanings of the original are preserved, reduced, or reconstructed in translation.

To achieve this aim, the theoretical foundations of the notion of “national-cultural concept” are clarified, and the changes affecting key cultural codes in the Chinese translations of Abai’s prose are analyzed on the basis of concrete textual data.

The empirical basis of the study consists of Abai’s prose texts and their Chinese translations. Particular attention is paid to the impact of pragmatic decisions on text reception, aesthetic effect, and the preservation of cultural meanings.

The author systematically analyzes the effectiveness and limitations of such translation strategies as equivalence-based translation, explanatory interpretation of cultural realia, transliteration, and cultural adaptation. The influence of translators’ strategies on text reception, aesthetic impact, and the preservation of cultural meanings is also summarized.

The main research findings indicate that an accurate and semantically complete rendering of the national-cultural content of Abai’s prose contributes to a deeper understanding of the text by Chinese readers, while preserving the artistic integrity of the original requires the application of theoretically grounded adaptation strategies. The analysis of Chinese translations demonstrates that the transformation of national-cultural concepts is directly related to cultural distance, conceptual mismatches, and the attenuation or reconstruction of implicit semantic layers.

The scientific significance of the study lies in the systematization of changes in national-cultural content in translation from the perspectives of linguocultural studies and translation theory. The practical value of the research consists in providing methodological guidelines for translators on rendering cultural realia, determining the scope of explanatory additions, improving translation quality, and preserving the aesthetic integrity of Abai’s texts.

Keywords: Abai Kunanbayev, Words of Edification, literary translation, national-cultural concept, cultural realia, Chinese language, text, original, transformation

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 20.03.2026.

Жариялауга қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Ершат Ардақ – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-3899-6733>, e-mail: e.ardak1011@gmail.com

Рамазанов Талғат Бекболатұлы – философия докторы (PhD), А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, e-mail: tphd-92@mail.ru

Есенбай Анар Заманбекқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-8967-5399>, e-mail: esenbay.anar64@gmail.com

Информация об авторах:

Ершат Ардақ – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0005-3899-6733>, e-mail: e.ardak1011@gmail.com

Рамазанов Талгат Бекболатович – доктор философии (PhD), Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, Алматы, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, e-mail: tphd-92@mail.ru

Есенбай Анар Заманбековна – кандидат филологических наук, университет КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-8967-5399>, e-mail: esenbay.anar64@gmail.com

Information about the authors:

Yershat Ardak – doctoral student at al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-3899-6733>, e-mail: e.ardak1011@gmail.com

Ramazanov Talgat Bekbolatuly – Doctor of Philosophy (PhD), A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-4405-5914>, e-mail: tphd-92@mail.ru

Yessenbay Anar Zamanbekkyzy – Candidate of Philological Sciences, Ablai Khan KazUIR and WL, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-8967-5399>, e-mail: esenbay.anar64@gmail.com